

Жолдау – ел дамуының кепілі



Президенттің әр жылғы Жолдауында Үкімет алдына қойған міндеттері өз ретімен нәтиже беріп келеді. Әділетті Қазақстан құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Орынбай ауылдық үлгілі кітапханасында ауыл тұрғындарымен Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын талқылау мақсатында дөңгелек үстел өткізілді. Шара барысында елімізге саяси жаңғыру енді экономикалық

өзгерістерге ұласуға тиіс деген пікірлер айтылды. Бәріне бірдей мүмкіндік берілу керектігі, әсіресе ерекше жандарға көмектесу, әлеуметтік жағынан әлсіз топтарға қолдау көрсету, қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік беретін бағдарламалар өз жемісін береді деген ойдамыз. Бұл айтылған бастамалар елімізге көп септігін тигізіп, ел дамуына оң әсерін тигізері анық.

**Айгүл Дүйсембекова,
Орынбай ауылдық үлгілі кітапханасының кітапханашысы**